

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**



СӨЖ-1

**Жаңа дәуірдегі ұлттық
мемлекет пен ұлттық идея
ЭВОЛЮЦИЯСЫ**

**Тексерген: Рахимжанова М.Р.
Орындаған: Санкеш Э.Е.**

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**



СӨЖ-1

**Жаңа дәуірдегі ұлттық
мемлекет пен ұлттық идея
ЭВОЛЮЦИЯСЫ**

**Тексерген: Рахимжанова М.Р.
Орындаған: Жолтай А.Ж.**

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**



СӨЖ-1

**Жаңа дәуірдегі ұлттық
мемлекет пен ұлттық идея
ЭВОЛЮЦИЯСЫ**

**Тексерген: Рахимжанова М.Р.
Орындаған: Кулебай А.Н.**

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**



СӨЖ-1

**Жаңа дәуірдегі ұлттық
мемлекет пен ұлттық идея
ЭВОЛЮЦИЯСЫ**

**Тексерген: Рахимжанова М.Р.
Орындаған: Хусайн А.Р.**

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**



СӨЖ-1

**Жаңа дәуірдегі ұлттық
мемлекет пен ұлттық идея
ЭВОЛЮЦИЯСЫ**

**Тексерген: Рахимжанова М.Р.
Орындаған: Әбілқасым С.**

ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Ұлттық идея, ұлт пен ұлттық бірегейліктің қалыптасуына тікелей әсер етеді. Ұлттық идея осы ұлттың өзі туралы, қоршаған әлем мен тарихи үдерістегі өзінің орны мен миссиясы туралы, өзінің тарихи өткені мен болашағы туралы барынша жалпы көзқарастарды аңғартады. Ол халықтың бар күш-жігері мен іс-әрекетін замана алға тартып отырған аса жауапты тарихи міндетті жүзеге асыруға жұмылдыруға септігін тигізетін, сол үшін әлеуметтің тұтастығын қамтамасыз ететін рухани күш, саяси платформа, ұлттық идеология немесе әлеуметтік бағдардағы парадигма. Демек, қоғамдық болмысқа дем беруші ұлттық идеяға деген сұраныс, оған деген әлеуметтік және рухани мұқтаждық кез келген ұлт пен ұлыс үшін оның өзіндік санасында тарихи үдерістің даму барысынан туындайтын заңды құбылыс болып табылады. Бұл тұрғыдан алғанда, кез келген әлеуметтік бірлік үшін ұлттық идеяның қажеттілігі мен өзектілігі күн тәртібінен түспейтін өміршең мәселе. Өзінің тәуелсіз дамуының жиырма төрт жылдығын толтырған Қазақстан үшін де бұл тақырып көкейтестілігімен көзге түсіп тұр. «Ұлттық идея» тіркесінің өзі арнаулы ғылыми әдебиеттермен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарында мейлінше кеңінен қолданылып, ақырында қоғамдық санада бекітіліп болды. Дамудың бүгінгі кезеңінде ұлттық идея немесе жалпы ұлттық идея қажет пе, қажет болса, оның мәні мен мазмұны қандай болуы керек, ол қазақстандық қоғамның әр алуан діни және этностық құрамымен қалайша қиюласады, ұлттық идеяны қалыптастыру керек пе, әлде, ол өзі қалыптасады ма, оны орнықтыруда бөтен елдің тәжірибесін қабылдау керек пе, әлде өзіндік этномәдени және дәстүрлі әлеуметтік өткеннің тәліміне сүйену керек пе деген мазасыз сұрақтар қазіргі қоғамдық пікірталастың өзегін құрап, шешімін табуды талап ететін өзекті мәселеге айналып отыр.

Біздің елімізде, анағұрлым кең интеграцияны білдіретін «еуразияшылдық» идеясы да кеңінен талқыланды. Сондай-ақ, қоғамның идеялық шоғырлануына септігін тигізетін әлеуметтік-экономикалық сипаттағы «Қазақстан – 2030» стратегиясы, «Әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің санатына ену», «Зияткерлік ұлт қалыптастыру» идеялары да соңғы кездері ресми билік тарапынан да, бейресми ұйымдар тарапынан да қызу пікірталастар тудырды. Дегенмен, ұлттық идеяның рухани сипатының маңызы алдыңғы орында болуы тиіс және бұл тұрғыдан алғанда Президенттің бас тамасымен көтерілген «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының теңдесі жоқ. Тұтастай алғанда, ұлттық идеяның әр алуан қырларын айқындайтын бұл бағдарламалар мен тұжырымдар, жолдаулар мен үндеулер, доктриналар мен идеялар Қазақстанда жүргізіліп отырған сыртқы және ішкі саясаттан алыс емес әрі Қазақстанды мекен ететін халықтардың идеялық және рухани-адамгершілік тұрғыда топтасуына, жұмылуы мен шоғырлануына орасан зор оң әсерін тигізеді.